

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2025 жылғы 16 шілдедегі № 66 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылы 17 шілдеде № 36465 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы*

Т. Султангазиев

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 16 шілдедегі
№ 66 Бұйрықпен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Денсаулық сақтау саласындағы кадр ресурстарын есепке алу (кәсіптік тіркелімді жүргізу) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-253/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21773 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 266-бабының 1-тармағын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау саласындағы кадр ресурстарын есепке алу қағидаларында (кәсіптік тіркелімді жүргізу):

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы денсаулық сақтау саласындағы кадр ресурстарын есепке алу (кәсіптік тіркелімді жүргізу) қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 266-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау саласындағы кадр ресурстарын есепке алу (кәсіптік тіркелімді жүргізу) тәртібін айқындайды.

2. Денсаулық сақтау саласындағы кадр ресурстарын есепке алудың ұлттық жүйесі (бұдан әрі – Кәсіптік тіркелім) дербестендірілген есепке алуды қамтамасыз ету, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіби дамуы мақсатында тіркеу, есепке алу, көші-қон, кету үшін база болып табылады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Денсаулық сақтау саласындағы кадр ресурстары жөніндегі ұлттық үйлестіруші уәкілетті органға ай сайынғы негізде есепті айдан кейінгі айдың 10-күніне дейін, сондай-ақ уәкілетті органның сұрау салуы бойынша денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің тіркелуі, есепке алынуы, көші-қоны, кету мониторингі жөніндегі ақпаратты ұсынады.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Денсаулық сақтау ұйымы жұмысқа қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде персоналды басқару қызметінің маманы денсаулық сақтау жүйесінің қызметкері туралы мәліметтерді дерекқорға енгізеді, оған мыналар кіреді:

- 1) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН);
- 2) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 3) жынысы;
- 4) туған күні;
- 5) туған жері;
- 6) азаматтығы;
- 7) жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;
- 8) тұрғылықты жері;
- 9) тіркеу орны;

- 10) тіркелген күні;
- 11) білім туралы құжат, оның ішінде білім және ғылым ұйымдары туралы деректер;
- 12) бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілген жұмыс орнының атауы (медициналық қызмет көрсететін ұйымдар);
- 13) медициналық ұйымдағы лауазымы;
- 14) денсаулық сақтау саласындағы маманның сертификаты туралы мәліметтер (бар болса);
- 15) біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

9. Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерінің деректері өзгерген және (немесе) толықтырылған жағдайда персоналды басқару қызметінің маманы деректер базасына мәліметтер мен өзгерістер енгізеді.";

2. "Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21843 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидалары осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Клиникалық база, денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйым клиникасы, университеттік аурухана, резидентура базасы, интеграцияланған академиялық медициналық орталық туралы ережелерді және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21848 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген резидентура базасы туралы ереже және оған қойылатын талаптарда:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

3-тармақ мынадай редакциясы жазылсын:

"3. Резидентура бағдарламаларын іске асыруды жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру ұйымдары денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының аккредиттелген клиникаларында, университеттік ауруханаларда, сондай-ақ резидентура базалары ретінде аккредиттелген денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар жүзеге асырады.

4. Резидент-дәрігерлерді жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базаларында, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарда орналастыру денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен

келісу бойынша денсаулық сақтау саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру ұйымдарының, ғылыми ұйымның ұсынымы негізінде жүзеге асырылады.";

6-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) резидентура базалары ретінде аккредиттелген денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар үшін денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйым мен резидент-дәрігер арасында жасалатын оқыту туралы шарт";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Резидентура базасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымымен, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйыммен резидентура базасының жасалған шарты негізінде резидент-дәрігерге жұмыс орнын ұсынады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Резидент-дәрігерге оқу кезеңінде резидентура базасының штат қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері, еңбек тәртібінің қағидалары, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымның резидентура базасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптары қолданылады.";

15-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымының және (немесе) университеттік аурухананың және (немесе) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымның клиникасы мәртебесінің болуы.".

4. "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар және мамандандырулар номенклатурасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары (бұдан әрі – Біліктілік сипаттамалары) денсаулық сақтау ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері туралы ережені, денсаулық сақтау қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеудің, өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру ерекшеліктерін, олардың құқықтары мен жауапкершілігін ескере отырып, қызметкерлердің лауазымдық міндеттерінің нақты тізбесін қамтитын, кадрларды таңдаудың және орналастырудың, оларды пайдаланудың тиімділігін бақылауды жүзеге асырудың, денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің атқаратын лауазымдарына сәйкестікке аттестаттау өткізу үшін негіз болып табылады.";

166-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"166. Лауазымдық міндеттер:

Мейіргерлік зерттеп-қарауды жүзеге асырады.

Мейіргерлік диагноз қояды.

Пациент үшін мейіргерлік араласулар жоспарын жасайды.

Техникалық және кәсіптік білім беру деңгейіндегі мейіргерлердің мейіргерлік іс-шараларды іске асыруын бақылайды.

Жалпы практикада, терапияда, хирургияда, акушерия мен гинекологияда, психиатрияда, гериатрияда, оңалтуда, паллиативтік күтімде және денсаулық сақтау саласының мамандандырылған салаларында медициналық-санитариялық алғашқы және стационарлық деңгейлерде белгіленген мейіргерлік араласулар жоспарының тиімділігін бағалайды.

Өз құзыреті шегінде аса кең таралған инфекциялық емес аурулары және жіті респираторлық вирустық инфекциялары бар пациенттерді жеке қабылдауды жүзеге асырады.

Пациент пен отбасы мүшелерінің жалпы күтім және ауруды басқару рәсімдеріне оқытуын ұйымдастырады, тиімділігін мониторингтейді және бақылайды.

Жүкті әйелдерге, босанғаннан кейінгі әйелдерге, бір жасқа дейінгі балаларға, диспансерлік науқастар мен қарттарға патронаж жасайды.

Денсаулықты нығайту және аурулардың профилактикалық жөніндегі қызметті ұйымдастырады, техникалық және кәсіптік білім беру деңгейіндегі мейіргерлердің профилактикалық іс-шараларын іске асыруын бақылайды, іс-шаралардың тиімділігі мен нәтижелілігін бағалайды.

Емдік-профилактикалық мекемеде дәрілік заттарды, қан препараттарын және қан алмастырғыштарды есепке алуды және сақтауды, есепке алу-есептік мейіргерлік құжаттаманы жүргізуді қамтамасыз етеді

Азаматтарға медициналық алғашқы көмек, оның ішінде төтенше жағдайларда дәрігерге дейінгі және паллиативтік медициналық көмек көрсетеді.

Мейіргерлердің дәрігерлік тағайындауларды тиісінше орындауын ұйымдастырады.

Қауіпсіз аурухана ортасының ұйымдастырылуын және инфекциялық бақылауды қамтамасыз етеді.

Медициналық этиканы, өртке қарсы қауіпсіздіктің ішкі еңбек тәртібінің, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды, санитариялық-эпидемиологиялық режимді сақтайды.

Мейіргерлердің, дәрігерлердің және басқа да "денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің" кәсіби аралық жұмысын ұйымдастыруға қатысады.

Мейіргерлердің дәрігерлік тағайындауларды тиісінше орындауын ұйымдастырады.

Дәлелді мейіргерлік нұсқаулықтар мен хаттамаларды әзірлеуге қатысады.

Мейіргер ісінің сапасын жақсарту бойынша ұйымдастыру саясаты мен қызметін әзірлеуге қатысады.

Электрондық денсаулық жағдайында мейіргерлік құжаттаманың ұйымдастырылуын бақылайды.";

266-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"266. "Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері" лауазымдарының бұрын қолданыста болған біліктілік сипаттамалары бойынша атауларын көрсете отырып, осы анықтамалықта көзделген қызметшілер лауазымдары атауларының тізбесі осы қосымшаға 2-қосымшада көрсетілген.";

Көрсетілген біліктілік сипаттамаларына 1 және 2-қосымшалар осы тізбеге 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Тізбеге қосымша
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 20 желтоқсандағы

Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 7-бабының 41-тармақшасына (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес әзірленді және "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлеріне үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау тәртібін айқындайды.

2. Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін (бұдан әрі – ҮКД) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау өлшемшарттарына сәйкес персоналды басқару қызметі және медициналық ұйымның басшысы растайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйым – білім алушылардың білімі мен дағдыларын, білім алу бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіби даярлығын бағалауды жүзеге асыратын денсаулық сақтаудың уәкілетті органымен аккредиттелген ұйым;

2) денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму жүйесіндегі сынақ бірлігі (бұдан әрі – СБ) – кәсіптік қызметтің белгілі бір кезеңінде үздіксіз кәсіптік дамуға ықпал ететін іс-шараларға қатысу көлемі өлшемінің біріздендірілген шартты бірлігі;

3) денсаулық сақтау қызметкерлері – клиникалық немесе фармацевтикалық практикаға жіберу үшін немесе Кодекстің 27-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мамандығы (мамандануы) бойынша маман сертификаты бар мамандар;

4) денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша білім беру (бұдан әрі - қосымша білім беру) – кәсіптік білімді, машықтар мен дағдыларды қолдау, кеңейту, тереңдету және жетілдіру, сондай-ақ жаңа (қосымша) құзыреттерді игеру үшін денсаулық сақтау кадрларының білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын оқыту процесі;

5) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

6) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информформалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

7) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) – Қазақстан Республикасының Ұлттық сабақ сыныптауышы, ұлттық біліктілік шеңбері негізінде әзірленетін және орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және салада пайдаланылатын білімдердің, іскерліктер мен құзыреттердің сипатына қарай деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды жіктейтін құжат;

8) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

4. Кодекстің 269-бабының 3-тармағына сәйкес талаптарды ескере отырып, қосымша , формалды емес білім беру нәтижелерін және қосымша құзыреттерді куәландыратын құжаттар денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің ҮҚД нәтижелері болып табылады.

Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің ҮҚД нәтижелері Кодекстің 27-бабына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлерді сертификаттау үшін расталады.

5. "Денсаулық сақтау" саласының СБШ сәйкес денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлеріне біліктілік деңгейін беру немесе растау "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21763 болып тіркелген) сәйкес бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйым берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

Медицина қызметкерлері "Клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификатын беру", "Клиникалық практикаға жіберу үшін шетелдік маман сертификатын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер шеңберінде бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымның қорытындысы болған кезде "Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде денсаулық сақтау саласында медициналық және (немесе) фармацевтикалық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 21818 болып тіркелген) сәйкес тәртіппен берілген немесе расталған біліктілік деңгейі ескеріле отырып мамандық (мамандандырулар) бойынша маман сертификатын алады немесе растайды.

2-тарау. Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау тәртібі

6. Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің соңғы 5 жылдағы ҮҚД нәтижелерін денсаулық сақтау ұйымының басшысы растайды.

7. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкері ҮҚД нәтижелерін куәландыратын құжаттары болған кезде негізгі жұмыс орны бойынша персоналды басқару қызметіне осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес өлшемшарттарда көзделген растайтын құжаттарды ұсынады.

Шет тілінде берілген құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне нотариат куәландырған аудармасымен ұсынылады.

8. ҮҚД нәтижелерінің әрбір өлшемшарты үшін персоналды басқару қызметі және медициналық ұйымның басшысы СБ есептейді.

9. ҮҚД-нің қорытынды нәтижесі қосымша білім, формалды емес білім және қосымша құзыреттер үшін СБ-ны қосу арқылы есептеледі.

Қосымша білім беру (біліктілікті арттыру) нәтижелері бойынша СБ осы Қағидаларға 1-қосымшаның 1-тарауына сәйкес соңғы 5 жыл үшін есептеледі.

Формалды емес білім беру нәтижелері бойынша СБ осы Қағидаларға 1-қосымшаның 2-тарауына сәйкес қосымша құзыреттер бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаның 3-тарауына сәйкес есептеледі.

10. ҮҚД расталған нәтижелері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

11. ҮҚД нәтижелерін куәландыратын құжаттардың өлшемшарттарына қойылатын талаптарына сәйкес келмеуі ҮҚД нәтижелерін растаудан бас тартуға негіз болып табылады.

3-тарау. Біліктілік деңгейін беру және растау тәртібі

12. Біліктілік деңгейін беруге немесе растауға үміткер денсаулық сақтау жүйесінің қызметкері бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымға осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес ҮҚД нәтижелерін ұсынады.

Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкеріне біліктілік деңгейін беру үшін:

1) білім туралы дипломымен расталған біліктілік деңгейіне сәйкес денсаулық сақтау саласында білімінің болуы;

2) бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйымы берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесі;

3) көрсетілетін қызметтердің электрондық тіркелімінен немесе кәсіптік қызмет туралы есеппен расталған, құрылымдық бөлімше басшысы қол қойған кәсіптік стандарттың талаптарына сәйкес мәлімделген біліктілік деңгейіне сәйкес келетін еңбек функцияларын орындауы;

4) персоналды басқару қызметі және медициналық ұйым басшысы куәландырған ҰҚД расталған нәтижелері қажет.

Біліктілік санатын беру туралы куәліктің қолданылу мерзімі 2021 жылғы 1 қаңтардан кейін өткен денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері білімді бағалау және кейс-тестинг (жағдаяттық тапсырмаларды шешу) кезеңінен өтпей-ақ тиісті (баламалы) біліктілік деңгейін алуға үміткер болады.

13. Біліктіліктің тиісті деңгейіне қол жеткізу үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің ҰҚД нәтижелерін растау өлшемшарттары бойынша қосымша, формалды емес білім беруді және қосымша құзыреттерді қамтитын үздіксіз кәсіптік даму іс-шаралары қажет.

14. Біліктілік деңгейлері үшін үздіксіз кәсіптік даму іс-шараларының жалпы көлемі 210 СБ құрайды.

15. Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үш халықаралық академиялық рейтингке кіретін шетелдік ұйымдарда алған қосымша және (немесе) формалды емес білімі және олардың екеуінің және одан да көбінің алғашқы 250 (екі жүз елу) позицияларының қатарында (әлемнің үздік университеттерінің әлемдік рейтингі Квакарелли Симондс (QS World University Rankings, Кьюес World University Ranking), әлем университеттерінің академиялық рейтингі (Academic Ranking of World Universities , Академик Ranking of World University), Times басылымының нұсқасы бойынша әлемнің үздік университеттерінің рейтингі, (Times Higher Education World University Rankings) Таймс Хайер Юдукейшн World University Ranking) "Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32800 болып тіркелген) көзделген Қазақстан Республикасында құжаттың түпнұсқасын ұсынған кезде жарамды деп танылады.

16. Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлеріне "Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21763 болып тіркелген) бұйрығында көзделген тәртіппен бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйым берген кәсіптік даярлықты бағалау нәтижесі негізінде бастапқы немесе кезекті біліктілік деңгейі беріледі.

17. Біліктіліктің 4.0, 5.0, 6.0, 7.0 (I), 7.1 (R) бастапқы деңгейлері осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдарының түлектеріне денсаулық сақтау саласындағы СБШ-ға сәйкес беріледі.

18. Мамандануы бойынша біліктілік деңгейі "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21699 болып тіркелген) шарттары сақтала отырып, негізгі мамандық шеңберінде беріледі.

19. Біліктіліктің кезекті деңгейін беру кезінде "Денсаулық сақтау" саласының СБШ белгілеген біліктілік деңгейлерінің кезектілігі осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес сақталады.

Санат беру туралы мерзімсіз куәліктері бар денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері кәсіптік даярлық бағалауынан өтпей-ақ тиісті біліктілік деңгейі бар мамандық бойынша маман сертификатына куәлікті қайта ресімдей алады.

"Мейіргер ісі" мамандығы бойынша денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері сол мамандық бойынша орта білімнен кейінгі немесе жоғары медициналық білім алған кезде бұрынғы жұмыс өтілі ескеріле отырып, баламалы біліктілік санатының біліктілік деңгейі сақтала отырып, маман сертификатын қайта ресімдей алады.

Денсаулық сақтау
қызметкерлерінің
үздіксіз кәсіптік даму
нәтижелерін растау, біліктілік
деңгейін беру және растау
қағидаларына
1-қосымша

Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау өлшемшарттары

№	Өлшемшарттардың атауы	Өлшемшарттарға қойылатын талаптар	Өлшемшарттардың бірлігі	Растайтын құжат
1	2	3	4	5
1-тарау. Қосымша білім				
1	Қосымша білім (біліктілікті арттыру циклдері)	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; білім беру бағдарламасының деңгейіне сәйкес; сағаттардың немесе кредиттердің санын көрсету	1 сағат = 1 сынақ бірлігі;	біліктілікті арттырудан өткені туралы куәліктің көшірмесі
2-тарау. Формалды емес білім беру				
				тағылымдаманың жеке жоспарының

2.	Мамандық бейіні бойынша тағылымдама	облыстық, қалалық, республикалық маңызы бар	1 апта = 10 сынақ бірлігі	орындалуы туралы есептің көшірмесі, тағылымдама барысында алған білімі, машығы мен дағдылары туралы ақпарат, тағылымдама қорытындысы бойынша құрылымдық бөлімше басшысының денсаулық сақтау саласындағы маманға пікірі
		халықаралық маңызы бар	1 апта = 30 сынақ бірлігі	
3.	Күндізгі оқыту семинарларына, тренингтерге, шеберлік сыныптарға қатысу	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; сағаттардың немесе кредиттердің санын көрсету	1 сағат = 0,5 есептік бірлік;	оқудан өткені туралы куәліктің көшірмесі
4.	Вебинарларға, онлайн курстарға, қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып өткізілетін өзге де оқыту іс-шараларына қатысу	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; сағаттардың немесе кредиттердің санын көрсету	1 сағат = 0,5 сынақ бірліктері	оқудан өткені туралы куәліктің көшірмесі
3-тарау. Қосымша құзыреттер				
5.	Съезд, Конгресс, конференциялар жұмысына қатысу	облыстық, республикалық маңызы бар қалалар	1 күн – 5 сынақ бірлігі, баяндамамен – 10 сынақ бірлігі	баяндамашының Т.А.Ә., тақырыбы, өткізу орны, өткізуді ұйымдастырушы, күні көрсетілген конференция қатысушысының құжаты және (немесе) бағдарламасы
		республикалық маңызы	1 күн – 10 сынақ бірлігі, баяндамамен - 50 сынақ бірлігі	
		халықаралық маңызы	1 күн - 40 сынақ бірлігі, баяндамамен - 100 сынақ бірлігі	
6.	Монографияны, нұсқаулықтарды, әдістемелік ұсынымдарды жариялау	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; бірінші автор немесе моноавторлық	1 монография = 180 сынақ бірлігі; нұсқаулық, әдістемелік ұсынымдар = 30 сынақ бірлігі.	жарияланған монографияның, нұсқаулықтардың, әдістемелік ұсынымдардың электрондық көшірмесі, бірінші автор

7.	Оқулық (кітаптар)	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; бірінші автор немесе моноавторлық.	1 оқулық (кітап) = 180 сынақ бірлігі	жарияланған оқулықтың (кітаптың) электрондық көшірмесі)
8.	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізбеге кіретін басылымдарда ғылыми мақала жариялау	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; бірінші 3 авторға	1 бап = 20 сынақ бірлігі	жарияланған мақаланың электрондық көшірмесі, алғашқы 3 автор
9.	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізбеге кірмейтін республикалық және шетелдік басылымдарда мақаласын жариялау	бірінші 3 авторға	1 бап = 10 сынақ бірлігі	жарияланған мақаланың электрондық көшірмесі, алғашқы 3 автор
10.	Scopus, Web of Science, Springer индекстелетін басылымдарда жариялау	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес	1 мақала, журналдың квартилі Q4 = 90 сынақ бірлігі, 1 мақала, журналдың квартилі Q3= 120 сынақ бірлігі, 1 мақала, журналдың квартилі Q2 = 150 сынақ бірлігі, 1 мақала, журналдың квартилі Q1= 180 сынақ бірлігі.	Scopus, Web of Science, Springer дерекқорында жарияланған мақалаға сілтеме
			1 республикалық деңгейдегі патент = 60 сынақ бірлігі; 1	

11.	Патент алу	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес	шетелдік деңгейдегі патент = 180 сынақ бірлігі.	патенттің көшірмесі
12.	Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік туралы куәлік алу	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес	1 куәлік = 30 сынақ бірлігі	зияткерлік меншік туралы куәліктің көшірмесі
13.	Тәлімгерлік, педагогикалық қызмет	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес	жыл бойы медициналық білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін тәлімгер немесе ментор ретінде = 10 сынақ бірлігі	медициналық ұйымның тәлімгер тағайындау туралы бұйрығының көшірмесі, және (немесе) тәлімгерлік және (немесе) менторлық бойынша біліктілікті арттыру туралы куәлік
14.	Жас және жаңадан қабылданған мамандарға тәлімгерлік	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес	жыл ішінде тәлімгер ретінде = 10 сынақ бірлігі	тәлімгер тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі
15.	Практикалық қызметке диагностика емдеу, аурудың профилактикасы инновациялық ғылыми немесе практикалық әдістемені енгізу	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес	1 ендіру актісі = 60 сынақ бірлігі	денсаулық сақтауды басқарудың жергілікті органының қатысуымен ендіру актісі
16.	Кәсіби қауымдастыққа мүшелік	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; растау кезінде кемінде 1 жыл белсенді мүшелік.	өңірлік деңгей = 10 сынақ бірлігі; Республикалық деңгей = 30 сынақ бірлігі; Халықаралық деңгей = 60 сынақ бірлігі.	сараптамалық қызметті растайтын құжаттың көшірмесі
17.	Сараптама органдарына мүшелік	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; растау кезінде 5 жыл ішінде кемінде 1 жыл белсенді мүшелік	республикалық деңгей = 90 сынақ бірлігі	сараптамалық қызметті растайтын құжаттың көшірмесі
18.	Сараптамалық және (немесе) жаттықтырушылар қызметі	мәлімделген мамандық бейініне сәйкес; растау сәтіне бір жыл ішінде	1 құжат = 10 сынақ бірлігі	сараптамалық және жаттықтырушылық қызметті растайтын құжаттың көшірмесі

